

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Кестедегі мәндер бойынша Нұра өзеніне жыдық су өтімдер мәндері жылдан-жылға көбейіп келеді. Ең жоғарғы көрсеткішті Қошқарбаев бекетінде байқалған. Ең төменгі көрсеткіш Бес-Оба бекетінде көрініс берген.

Қорытынды

Зерттеліп отырған аймақтың физикалық-географиялық сипаттамасы берілді. Нұра өзені алабы бойындағы өзендер бойынша жалпы мәліметтер жиналды. Алап бойында барлық жұмыс істеген бекеттер бойынша мәліметтер жинақталды.

Алынған мәліметтерді, яғни зерттелген мерзімдер бойына мәліметтер графикалық-аналитикалық әдісін қолдану арқылы аналог өзенді таңдау арқылы жоқ жылдар мәліметтері қалпына келтірілді.

Ағынды қабаты біртектілік критерийі Фишер және Стьюдент критерийлері бойынша тексерілді. Жұмыс барысында зерттелген бекеттердің ағындысы Фишер, Стьюдент критерийлері бойынша және жиынтық интеграл қисығы мәндерінің қорытындылары бойынша ағындысының біртекті еместігін көрсетті. Осыған сәйкес бекеттердің ағындысының бұзылу уақыты анықталды. Бұзылу уақыты 1969-1977 жылдар аралығын қамтиды.

Нұра өзеніне әсер етуші антропогендік және климаттық факторлар әсерлері Зайцева әдісі бойынша анықталды. Өдәс бойынша анықталғандай Нұра өзеніне климаттық фактор теріс емес оң жағынан әсер етеді, яғни екі фактор әсерінен Нұра өзенінің ағындысы жылдан-жылға артуда. Бұл әдіс арқылы анықталғандай климаттық фактор әсері 34-36%, ал антропогендік әдіс 64-66% аралығын қамтиды.

Зерттеліп отырған Нұра өзенінің бекеттері бойынша климаттық және антропогендік факторлар әсер ете бастаған, яғни ағындының бұзылуына дейінгі, бұзылғаннан кейінгі және ұзақ мерзім бойынша қамтамасыздық қисықтары тұрғызылды.

Нұра өзені алабында орналасқан Балықты және Қошқарбаев бекеттерінің мәліметтері бойынша антропогендік және климаттық факторлар әсеріне ұшырағанға дейінгі, факторлар әсерінен кейінгі және ұзақ мерзімдік бақылау қатары бойынша қамтамасыздығы әр түрлі су өтімдері есептеліп, нәтижелері жоғарыда келтірілді. Антропогендік және климаттық факторлар әсеріне ұшырағанға дейінгі мерзіммен факторлар әсеріне ұшырағаннан кейінгі мерзім арасында су өтімдер мәнінің жоғарылағанын аңғаруға болады. Әсіресе су өтімдерінің жоғарылауы 3 есеге артқаны Қошқарбаев бекетінде анық байқалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ресурсы повехностных Цилинных и Залежных земел. Акмолинской области. вып.2 – Л.: Гидрометеоздат, 1960. – С. 185.
2. С.Қ Дәулетқалиев, Д.Қ. Жүсіпбеков Гидрологиялық мәліметтердің біртектілігіне талдау жасау: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
3. Молдахметов М.М. Гидрологиялық есептеулер. – А.: Қазақ Университеті, 2006. – 212 б.
4. Георгиевский В.Ю. и др. Оценка влияния возможных изменений климата на гидрологический режим и водные ресурсы рек территории бывшего СССР// Метеорология и гидрология, 1996, No 11. – с. 89-99.

ӘОЖ 9


ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ФЛОРАСЫ МЕН ФАУНАСЫН СИПАТТАЙТЫН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР

А.Т.Мәжен, Қ.Т.Сапаров
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана
arumazhen@icloud.com

Аннотация: Мақалада Жуалы ауданының флорасы мен фаунасын сипаттайтын географиялық атаулардың қалыптасуына жер бедері, топырағы, табиғат жағдайлары, су нысандары, өсімдік жамылғысы, жануарлар дүниесінің қалай әсер ететіндігі, қарастырылды. Жуалы ауданында кездесетін топонимдердегі өсімдік атауларының көрініс табуында тікелей экологиялық жағдайға байланысты. Бұл сипат, негізінен қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығынан туындағаны сөзсіз. Мысалы, өсімдік атауларынан біз мал шаруашылығына пайдалы, зиянды, пайдасыздығы туралы, гидронимнен ішуге жарамды, жарамсыздығы туралы ақпарат аламыз. Қазақ халқы мал шаруашылығын дамыту үшін, ең алдымен, қай шөптің қай түлікке жұғымдылығын ертеден аңғарып, жылдың қай мезгілінде болсын төрт түлікті бағуда ландшафттық ерекшеліктерге байланысты дұрыс баға беріп, өсімдік жамылғысының экологиясына нұқсан келтірмегені анық. Аумақтың фитонимдер картасы арқылы, өткен тарихымызға көз жүгіртіп, дәстүрлі шаруашылығына қажетті экологиялық мәліметтер жиынтығын көреміз.


Түйінді сөздер: фитонимдер, зоонимдер, климат жағдайлары, жер бедері, топырақ жамылғысы.

Жуалы ауданы Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігінде, географиялық координатасы $42^{\circ}31'40''$ с. е. пен $70^{\circ}45'35''$ ш. б. аралығында орналасқан. Ауданның аумағы солтүстіктен - оңтүстікке қарай ұзындығы 90 км, шығыстан - батысқа қарай 80 км созылып жатыр. Жуалы ауданының аумағында таулы және жазық бедер түрлері кезектесіп түрлі бедер пішіндерімен айрықша көрініс тапқан. Жуалының аумағы Теріс өзенінің жоғарғы және орта ағысының көп бөлігін алып жатыр. Аумағының басым бөлігі Жуалы таулы үстіртінде орналасқан. Ауданның жер бедері таулы келеді: солтүстігінде *Қаратау*, оңтүстік-батысын Қаратау сілемдері болып табылатын *Боралдай*, *Құлан таулары*, *Талас Алатауы* оңтүстігі мен оңтүстік – шығысын, Қырғыз Алатауы жоталары шығысында байқалған. Олар тар тауаралық аңғарлармен (депрессиялармен) бөлінген. Жазық жер бедері ауданның солтүстік тау етегінде байқалады. Осы тау жоталары аралығын Жуалы қазаншұңқыры бөліп тұр. Ауданның солтүстік шығысында Билікөл қазаншұңқыры орналасқан. Жуалы ауданы жерінен Теріс басты өзені ағып шығады. Оның ең ірі саласы- *Шақпақ*, *Ақсай*, *Көксай*, *Боралдай*, *Бақаты* өзендері, солтүстік-батысында Қошқарата өзені (Сурет-1). Теріс өзенінің жоғарғы және орта ағысындағы жерінің көпшілік бөлігін биіктігі 900 метрден 1200 метрге жететін таулы үстірт алып жатыр. Аудан жерінің орта бөлігіндегі Күреңбел белінен асып өте алмаған өзендер жер бедерінің сипатына қарай оңтүстік шығысқа қарай теріс ағады. Өзеннің осындай сирек құбылысын байқаған X ғасырда араб жиһангерлері оны Баркуаб (Теріс бағыттағы өзен) атап кеткен. Ал сол Күреңбел белінің солтүстік беткейлерінен басталып ағатын өзендер Боралдай тауының шатқалдары арқылы солтүстік батысқа қарай ағады. Теріс өзенінің бойында Теріс – Ащыбұлақ су бөгені салынған [1].



Сурет 1 Жуалы ауданының физикалық картасы

Климаты қоңыржай континентті. Жуалы ауданы Қазақстанның ең желді аудандарының бірі. Желдің қайталануы солтүстік-шығыстан (27%) және оңтүстік-шығыстан (25%) басым. Жаз және көктем айларында солтүстік-шығыс желдері (30-36%), ал қыс айларында оңтүстік-батыс желдері (34-37%) жиі қайталанады. Басқа аудандармен салыстырғанда қысы ұзақ және суық. Қаңтар айының орташа температурасы $-7-8^{\circ}\text{C}$, Сібір антициклоны мен арктикалық ауа массасының ену нәтижесінде желтоқсан мен ақпан айларында орташа температурасы $-15-16^{\circ}\text{C}$ құрайды. Ең төменгі температурасы -46°C . Аязсыз күндер шамамен 116 күн. Кейде оңтүстіктен жылы ауа массасының келу салдарынан қыста температура $+14+20^{\circ}\text{C}$ дейін жылынады. Жазы қоңыржай ыстық, қуаң болып келеді. Шілденің орташа температурасы $+21+24^{\circ}\text{C}$. Өсімдіктердің өсіп-өну мерзімі 215-230 күн. Жаз айларында бұлттылық аз, ыстық кезең 43-55 күнді құрайды. Жауын-шашын мөлшері көп емес, шығыстан батысқа қарай ұлғаяды (400-500мм). Ең ылғалды ай – сәуір, ең құрғақ ай – тамыз. Құрғақ жылдары жауын-шашын мөлшері небәрі 150-180 мм.



Сурет 2 Жуалы ауданының топырақ картасы


Топырақ жамылғысы бойынша тау алды далалық аймағында бозғылт-қоңыр, қоңыр, шалғынды сұр, шалғынды қоңыр және кара топырақ, таулы үстірттерде сұр, қызыл қоңыр топырақ таралған. Билікөл көлі аймағында және өзен аңғарлары аймағында шалғынды-сұр топырақтар жиі кездеседі. Бұл топырақтар гумустың артықшылығымен сипатталады.

Жуалы ауданының өсімдіктер дүниесінен таулы үстіртінің сұр топырағында жусан, астық тұқымдас өсімдіктер, боз, селеу, қызыл қоңыр топырағында түрлі шөптер жуа, кекіре т.б өсімдіктер өседі. Талас Алатауының беткейлері – альпілік және субальпілік шалғын болып келеді. Аудан солтүстігінде орналасқан Билікөл қазаншұңқырының сұр топырағында сораң өсімдіктер, Аса өзенінің аңғарында ши өседі. Тау ағындарының өсімдіктер әлемі кара бүлдірген, жалбыз, итмұрын және басқа да бірқатар өсімдіктердің барлық жерде өсуімен айқын көрінеді.

Өсімдік атаулары жер-су атауларының құрамында қолданылып, сол жердің, елді мекеннің флорасын сипаттайды. Жуалы аймағында өсімдіктер дүниесіне байланысты қойылған жер-су атаулары жеткілікті. Мәселен, *Жуалы, Алмалы, Бүргенді, Жидебайсай, Жыңғылдыой, Қоғалы, Күреңбел, Адыраспантөбе* т.с.с. (сурет-3,4 , кесте -1) [2].

Кесте 1 Жуалы ауданы өсімдік жамылғысының топонимдерде шоғырлануы

№	Өсімдік атаулары	Топонимикалық белсенділігі
Жуалы ауданы		
1	Ағаш	Ағаштысай-қыстау, Жалғызағаш-батпақ, Шұбарағаш-өзен саласы
2	Алма (<i>Malus pumila</i>)	Алмалы-шатқал, Алмаағаш-құдық
3	Бүрген (<i>Psammogroton setifolius</i>)	Бүргенді-батпақ, Бүргенсай-арна, Бүргенсу- өзен,
4	Бұршақ (<i>Pisum</i>)	Бұршақты- қыстау
5	Жиде (<i>Elaeagnus</i>)	Жидебайсай-өзен саласы
6	Жуа (<i>Allium</i>)	Жуалықұдық-қыстау, Жуалы- елді мекен
7	Жыңғыл (<i>Tamarix</i>)	Жыңғылдыой-батпақ
8	Қоға (<i>Typha</i>)	Қоғалы-қыстау, Қоғасай- сала
9	Күрең (<i>Calusia</i>)	Күреңбел-ауылдық округ
10	Итмұрын (<i>Rosa</i>)	Итмұрынсай-бұлақ
11	Адыраспан (<i>Peganum harmala</i>)	Адыраспантөбе-қалашық




Сурет 3 Жуалы ауданы фитонимдердің топонимдегі көрінісі

Жуалының таулы үстіртінің топырағында астық тұқымдас өсімдіктер боз, селеу, адыраспан сияқты көп өседі. Ал қызыл қоңыр топырағында жуа, кекіре, бидайық аралас өсімдіктер көп кездеседі. Жуалыда тек қана «жуа» өсімдігінің өзінің бірнеше түрлері бар. Атап айтқанда: *көк бас жуа, көмір жуа, тауда өсетін қоңыр жуа, сайларда өсетін сасық жуа, өзекті жуа, өзексіз домалақ жуа*. Құлан тауының төменгі жағындағы Қызыл дала аталатын жердің оңтүстігіндегі бірнеше сайларда тұтасымен жайқалып сасық жуа өседі, ол жуа пайдалануға жарамайды. Сай-саладан қыраттау жерлерде көкбас жуа өседі. Бұл көкбас жуаның өзі көп гүлді және аз гүлді болып екіге бөлінеді. Көпгүлді жуаның сабағының басындағы гүлі көкпенбек болып домаланып өседі. Түбіндегі тістерінің саны үш-төрт бөліктен тұрады. Осы көкбас жуаны қазып алып үй жағдайында өсірсе, тістерінің саны алты, кейде жеті бөлек болып үй жуасына (чеснок) айналады. Жуалының аталуына осы көкбас жуа негіз болған. Ашаршылық жылдары өлместің қамын ойлаған адамдар таудағы рауағаш, алғы сияқты және осы жуаны жұлып жеп қорек еткен.

Алмалы - Қошқарата аймағының солтүстік батысындағы Боралдай тауындағы шатқалдың аты. Тау шатқалының ішінде қалың жыныс, жабайы алма, жабайы жүзім т.б. табиғи өсімдіктер көп өседі. Шатқалдың «Алмалы» аталуына ондағы өсетін қалың жабайы алма негіз болған.

Жуалы ауданында «Адыраспантөбе» аталатын үш төбе бар. Оның біріншісі: Бауыржан Момышұлы ауылының батысында Алматы - Ташкент автомобиль жолының 400 метр солтүстігінде орналасқан. Ол жерде XVIII – X ғасырлық қала да шартты түрде «Адыраспантөбе» - қалашығы аталады. Екіншісі: Шақпақ ата елді мекенінің оңтүстігінде Алматы Ташкент автомобиль жолының батыс іргесінде орналасқан (Бұрынғы ортағасырлық Шақпақ қалашығының орны). Үшіншісі: Б.Момышұлы ауылынан солтүстікке қарай 2 шақырымындағы Ақбастау елді мекенінің шығысында орналасқан. Бұл жерлердің «Адыраспантөбе» аталу себебі онда дәрілік касиеті бар адыраспанның өсуіне байланысты туындаған. Адыраспан - түйетабандар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Адыраспанның құрамында алкалоидтер бар, оларды медицинада түрлі ауруларды: қан тоқтатуға, безгек ауруына, суық тиіп ауырған адамды емдеуге қолданады. Сол сияқты бүрген аталатын тікенді өсімдік өсетіндігін *Бүргенді*, *Бүргенсай*, *Бүргенсу* атаулары айғақтап тұр[5].




Сурет 4 Жуалы ауданының фитонимдер картасы

Жуалы ауданының аумағы Ақсу – Жабағылы қорығының солтүстік бөлігін қамтиды. Бұл қорық Талас Алатауының солтүстік-батыс бөлігінің және оған көршілес Өгем жотасын алып жатыр. Ақсу - Жабағылы қорығы ЮНЕСКО-ның дүние жүзілік қорықтар тізіміне енген. Ақсу-Жабағылы қорығында аң мен құстың 550 түрі, өсімдіктің 200-ден астам түрі бар. Олардың көпшілігі Қызыл кітапқа енгізілген. Тау өңірінде бидайық, түрлі шөптер, боз жусан, беткейінде селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Шындарын мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан. Өсімдіктер дүниесі әр алуан. Онда мүктің 61 түрі, қынаның 58

түрі жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1400 түрі бар. Қорықтың жануарлар дүниесі өте бай болып келеді, сүтқоректілердің 42 түрі, құстардың 238 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 10 түрі, балықтың бірнеше түрлері кездеседі. Аудан аймағында қасқыр, түлкі, аю, қоян, арқар, таутеке, борсық, суыр, кекілік және тағы басқа да аң – құстар мекендейді [5].

Кесте 2 Жуалы ауданындағы жануарлар дүниесі бойынша топонимдер топтамасы

	Жуалы ауданы
Үй жануарлары	Ешкіөлмес, Жертеке, Қазбастау, Қойбағар, Қошқарата
Бауырмен жорғалаушылар	Жыланды
Жыртқыш жануарлар мен сүтқоректілер	Қасқырсай, Бөрілісай, Бөрісай, Арқарлытау, Еліксай, Құлан.
Жәндіктер бойынша	Шыбынды
Құстар бойынша	Бүркітшоқы



Сурет 5 Жуалы ауданындағы жануарлар дүниесі бойынша топонимдердің көрінісі

Жуалы ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман қоры солтүстіктен оңтүстікке қарай 100 шақырым, шығыстан батысқа қарай 80 шақырымға созылып жатыр. Оның басым бөлігі (71 %) жазықты далаларды, қалғаны (29 %) таулы өңірлерде орналасқан.

Мемлекеттік (кешенді) қаумал «Берікқара шатқалы» — 17,5 мың га аумақты алады, онда қызыл кітапқа енгізілген аса бағалы ағаш бұтасының және шөп өсімдігінің 50-ден астам түрін, ал жануарлардан – арқарды, үнді жайрасын, жұмақ шыбыншыны кездестіруге болады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ санатына енгізілген Берікқара мемлекеттік қаумалында сирек кездесетін, жойылып бара жатқан Берікқара терегі бар. Сондай-ақ ақ тұт, Грейг қызғалдағы мен Кауфман қызғалдағының сирек кездесетін түрлері ұшырасады.

Қорытындылай келе, Жуалы ауданының флорасы мен фаунасын сипаттайтын географиялық атаулардың қалыптасуына жер бедері, топырағы, табиғат жағдайлары, су нысандары, өсімдік жамылғысы, жануарлар дүниесі тікелей септігін тигізеді. Жер-су атауларында жиі кездесетін фитонимдер мен зоонимдер географиялық атауларда бейнеленіп көрініс тапты. Зерттеу барысында байқағанымыздай, бұл атаулардың барлығы кездейсоқ қойылмай, экологиялық тұрғыдан туындағанын аңғарамыз. Аумақтың флорасы мен фаунасын сипаттайтын атаулар барлық топонимдердің 15 % -ын құрайтыны анықталып, карта, диаграмма, кестеде дәлелденіп берілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы: 1-том табиғи жағдайлары мен ресурстары, 2010.
2. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы 7 –том.
3. Каймулдинова К.Д. К 14 Қазақстанныңаридті аумақтарының топонимиясы//Монография.- алматы: «Те-Color» баспасы, 2010.-280 б.
4. Қырырәли Д., Кәтімхан М. Тараз тарихы Жамбыл облысы мемлекеттік мұрағат деректері бойынша. – Тараз: «Сенім» баспасы 2005- 144б
5. Жамбыл облысы топонимдерінің кестелі сөздігі. Иманбердиева С.Қ., Бекенова Г.Ш., Құламанова З.А., Мадиева Г.Б., Сапаров Қ.Т., Сейітқасымов А.А., Бексейітова А.Т., Бекзатқызы И. Жамбыл облысы топонимдерінің кестелік сөздігі. –Нұр-Сұлтан: « » баспасы, 2021.
6. Сырғабаева Р.Т / Жамбыл облысы топонимикалық атаулардың анықтамалығы. Тараз, « Сенім», 2007.-560-бет.
7. «Жаһандану заманындағы тіл және ономастикалық үрдістер» республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдары. Жамбыл облысы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша. Тараз: Тараз университеті, 2016.- 276 б.

ӘОЖ 910.3

ТЕНТЕК ӨЗЕНІ АЛАБЫ МАКРОГЕОЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Меңлібай Перизат Қайратқызы

menlibai.perizat12.02@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «7М01524 География мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Мусабаева М.Н.

Жұмыстың зерттеу нысаны ретінде алынған Тентек өзені – Алакөл алабындағы ең ірі өзендердің бірі. Шаруашылықтағы маңызымен қатар, өзен Сасықкөл және оның айналасындағы көлдердің экожүйелік теңдестігін сақтаушы компоненттердің негізгісі болып саналады.

Бүгінгі күні, Тентек өзенінің атырауы Алакөл ойпатындағы көлдермен қатар әлемдік аса маңызды сулы-батпақты жерлерді сақтауға бағытталған БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) бағдарламасында ескерілген. Тентек өзені атырауындағы ну қамыстар мен тоғайларда қабан, түлкі, қамыс мысығы т.б. саны аз қалған аңдар, үйрек, қаз, қу және т.б. құстардың бірнеше түрлері кездеседі. Осы ерекше бір ландшафттық жүйенің қалыптасуы мен даму жолдары және оны сақтап қалу тікелей өзен ағындысының шамасымен сапасына, режиміне байланысты.

Алаптағы эрозиялық-денудациялық таулар - Жоңғар Алатауының жоталары - негізінен палеозойдың тығыз тау жыныстарынан құралған. Жоңғар Алатауы мұнда алаптың оңтүстігінде, тауаралық ойпаттармен бөлінген, ендік бойымен созылып жатқан жоталар жүйесінен тұрады. Тауаралық ойпаттардың ішінде ең ірісі Колпаков ойпаты солтүстігінде Шыбынды-Бұламбай-Қайқан тауларына, оңтүстігінде - биіктаулы Күнгей жоталарына тіреліп жатыр. Ойпат шығыстан батысқа, Алакөл ойпатынан Шынжыл өзеніне дейін 200 км-ге созылып жатыр. Ойпат түбінің ені 5 тен 15 км өзгереді. Ойпат бірнеше өзен жүйелерінің аңғарларымен тілімденген. Батыс бөлігінен бастау алатын Шынжылы өзенінің салалары кең аңғарлы, бірақ жер бедеріне аса терең енбеген. Ойпаттың орталық бөлігінен өтетін

Тентек өзенінің салалары аңғарларының тереңдігі кей жерлерде 200 м-ге дейін жетеді. Шығысында ойпат Жаманты өзенінің алабы аумағына кіреді. Колпаков ойпатының